



ТЕХНОЛОГИИ ПЕРЕВОДА И СРАВНИТЕЛЬНОЕ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ В ЗЕРКАЛЕ НАУЧНОГО НАСЛЕДИЯ АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА

Сборник материалов международной
научно-практической конференции

**Технологии перевода и сравнительное
литературоведение в зеркале
научного наследия Ахмета Байтурсынова**

*Сборник материалов международной
научно-практической конференции*

**Астана
2022**

УДК 80/81
ББК 81.2
Т38

Рецензенты:

Буркова Т.А., доктор филологических наук, профессор Башкирского государственного педагогического университета им. М.Акумлы, Башкортостан, РФ

Булатбаева Г.Н., доктор педагогических наук, Национальная Академия имени Ы.Алтынсарина, г. Астана

Загатова С.Б., кандидат филологических наук, профессор Евразийского гуманитарного института, г. Астана

Научный редактор:

Биженова А.Е., доктор филологических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева

Редакционная коллегия:

Кенжигожина К.С., PhD, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Анафинова М.Л., к.ф.н., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Нуркенова С.С., к.ф.н., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Технологии перевода, сравнительное литературоведение и языкознание в зеркале научного наследия Ахмета Байтурсынова. Сборник трудов международной научно-практической конференции. - Астана: ИП «Булатов А.Ж.», 2022. - 170 с.

ISBN 978-601-326-670-1

В сборнике представлены тексты докладов участников одноименной международной научно-практической конференции, проведенной кафедрой иностранной филологии ЕНУ им. Гумилева и посвященной 150-летию Ахмета Байтурсынова. Разносторонность научного наследия великого казахского ученого обусловила представленную тематику включенных в сборник текстов на казахском, русском и английском языках.

Конференция проведена в рамках проектно-целевого финансирования МОН РК «Научные основы модернизации системы образования и науки» (2021-2023, Рег. №OR 11465474) совместно с НАО имени Ыбырая Алтынсарина.

Тексты не подлежали правке и размещены в авторской редакции и стилистике.

УДК 80/81
ББК 81.2

ISBN 978-601-326-670-1

© ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2022

АХМЕТ БАЙТУРСЫНҰЛЫ - ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫ МЕН МӘДЕНИЕТІНІҢ КӨРНЕКТІ ҚАЙРАТКЕРІ

Г.Б.Исмагуллаева

бакалавр студенті

С.С.Нуркенова

ф.ғ.к., профессор м.а.

шетел филология кафедрасы

ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Астана

Аңдатпа: Ахмет Байтұрсынұлы сөз өнерінің биік руханилығын кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырған қазақ ғылымы мен мәдениетінің көрнекті қайраткері. Мақалада ұлы қайраткер туралы бірегей мәліметтер, сонымен қатар А.Байтұрсынұлының мәдениет саласындағы еңбектері қарастырылады.

Түйін сөздер: мәдениет, әдебиет, шығармашылық, ғылым қайраткері.

Аннотация: Ахмет Байтұрсынұлы-выдающийся деятель казахской науки и культуры, унаследовавший высокую духовность искусства слова для последующих поколений. В статье рассматриваются уникальные сведения о великом деятеле, а также труды А. Байтурсинова в области культуры.

Ключевые слова: деятель культуры, литературы, творчества, науки.

Abstract: Akhmet Baitursynuly is an outstanding figure of Kazakh science and culture, who inherited the high spirituality of the art of speech for future generations. The article discusses unique information about the great figure, as well as the works of A. Baitursynov in the field of culture.

Keywords: figure of culture, literature, creativity, science.

А.Байтұрсынов – халқын, қазақты шексіз сүйген, бай-кедейге бөлмей, ұлтын өркендетуге көп күш жұмсаған, оның дамуы мен рухани баюына ерекше мән берген қайраткер.

Ахмет Байтұрсынұлының нақты туған күні көп уақыт бойы белгісіз болған. 2017 жылы қараша айында қазақ ағартушысы, ғалым Ахмет Байтұрсынұлының туған күні Қазақстан Республикасының елдерінің тілдері күні болып жарияланды. Оған түсіндірме берген қазақ әліппесін латиницаға әзірлеуші Ербол Тілешев: «Ахмет Байтұрсынұлы 1873 жылы 29 қыркүйекте дүниеге келген деген мәлімет болған, алайда кейін мен Тілдерді дамыту басқармасында қызмет істегенімде Ахметтің қолжазбасы бар үш құжат табылған. Олардың ішінде «5 қыркүйекте дүниеге келдім» деген сөзі бар екен. Сондықтан осындай шешім қабылданды» дейді.

Алғашқы саны 1913 жылы шыққан «Қазақ» газетінің тұңғыш редакторы Ахмет Байтұрсынов болды. Басылымның үш мыңнан астам жазылушысы болды, ол қазақ жерінде, сондай-ақ Ресей мен Қытайда оқылды. Оның беттерінде Байтұрсынұлы мен пікірлестері қазақ тілінің даму мәселелерін көтеріп, халықты бірлікке, саяси күреске шақырды.

А.Байтұрсынов қазақтың тұңғыш «Әліппесінің» авторы болды, тіл реформасын жүргізді, өз алфавитін жасады. Сондай-ақ оның қаламынан «Ана тілі оқу құралы», «Қазақ тілі курсының конспектсі», «Грамматиканы зерттеуге арналған нұсқаулық» және т.б лингвистикалық еңбектер шықты.

Байтұрсынұлының есімі Алаш-Орда мен Алаш партиясын құрумен байланысты. Ол негізгі идеясы Қазақ автономиясын құру болып табылатын партия бағдарламасының авторларының бірі болды. Байтұрсынұлы шығармашылық жұмысын өлең жазудан бастаған. Онда ол еңбекші халықтың ауыр халін, арман-тілегін, мұң-мұқтажын көрсетіп, жұртшылықты оқуға, білім-ғылымға, рухани биіктікке, адамгершілікке, мәдениетті көтеруге, еңбек етуге шақырады.

Ірі қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының артында аса мол әдеби, ғылыми еңбектер қалды. Ол өз заманында әрі ақын, әрі аудармашы, әрі ғалым ретінде танылды. Ахметтің 1909 жылы Петербург қаласында «Қырық мысал» деген атпен жарық көрген алғашқы кітабына негізінен орыс мысалшысы И.Крыловтан аударған аударма мысалдар жинақталды. Бұрын мысал

арқылы тұспалдап айтылған ойларын Ахмет 1911 жылы Орынбор қаласында шыққан «Маса» атты өлеңдер жинағында өз сөзімен ашықтан-ашық жария етті. Бұл жылдары ол қазақ тілі мен әдебиетінің әр түрлі мәселелеріне арнап көптеген мақалалар жазып, баспа беттерінде жариялады. Әсіресе 1913 жылы жазылып, «Қазақ» газетінде жарияланған «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласы Ахметті білікті әдебиеттанушы ғалым ретінде танытты. Бұл мақала ұлы Абайдың ұлттық әдебиеттің тарихынан алатын орнын айқындауға, ақын шығармашылығына баға беруге арналған тұңғыш ғылыми зерттеу еңбегі еді.

Әдебиетші Ахмет Байтұрсынов мұрасының маңызды бір саласы – оның ел аузынан жинап, жүйелеп, баспа бетінде жариялаған ауыз әдебиеті нұсқалары. Атап айтқанда, Ахмет жинаған фольклорлық үлгілер негізінде Мәскеу қаласында 1923 жылы «Ер Сайын» жыры, 1926 жылы «23 жоқтау» кітаптары жарық көрді. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің ұлы түрлендіруші-реформаторы, теоретигі әрі қазақ тілі білімі саласына орасан зор еңбек сіңірген көрнекті ғалым болды.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ ғалымдарының ішінен шыққан тұңғыш әдебиет теоретигі. Оның әдебиетші ғалым-теоретик ретінде тұлғасын айқындаған басты еңбегі – «Әдебиет танытқыш». Еңбек 1926 жылы Ташкент қаласында басылып шыққан. Бұл кітабында ғалым алғаш рет қазақ әдебиетінің теориялық, методологиялық мәселелерін негіздеп берді. Әдебиеттану ғылымындағы басты ұғымдар мен терминдер жүйесін жасады. «Әдебиет танытқыш» кітабы екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде көркем әдебиеттің бейнелеу құралдары мен әдіс-тәсілдері талданса, екінші бөлімде әдеби жанр түрлері сөз болады.

Тұтастай алғанда, Ахмет Байтұрсынов өнер атаулыны екі топқа бөледі. Оның бірі – тірнек өнері, екіншісі – көрнек өнері. Көрнек өнеріне ғалым сәулет (архитектура) өнерін, сымбат (скульптура) өнерін, кескін (живопись) өнерін, әуен (музыка) өнерін және сөз (әдебиет) өнерін жатқызады. «Өнердің ең алды – сөз өнері саналады. «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама қадарынша сөз өнері атқара алады, қандай сәулетті сарай болсын, қандай сымбатты әрі кескінді суреттер болсын, қандай ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп суреттеуге, көрсетуге, таныстыруға болады.

Бұл өзге өнердің қолынан келмейді» деп жазады Ахмет Байтұрсынұлы. Әдебиеттің көркем бейнелеу құралдары, жанрлары жөнінде талдау жасай келіп, А.Байтұрсынов олардың, әрқайсысына әлемдік әдебиеттану ғылымындағы атауларға сәйкес дәлме-дәл қазақша балама атаулар береді. Бүгінгі қазақ әдебиеттану ғылымында қолданылып жүрген ұғымдар мен категориялардың атауларын термин дәрежесіне көтеріп, қолданысқа енгізген Ахмет Байтұрсынұлы дейтініміз сондықтан. Әдебиеттің жанрларын айқындау, тарихи кезеңдерге, бөліп қарастыру мәселесінде де бұл еңбекте көптеген тұжырымды ойлар айтылады. Бұлардың қай-қайсысы да қазақ әдебиеттану ғылымындағы жаңалық болатын. Сонымен қатар, «Әдебиет танытқышта» Ахмет Байтұрсынұлы аса бай фольклорлық материалды пайдаланды.

Теориялық қисындарды қазақ ауыз әдебиетінен және баспасөз беттеріндегі қазақ ақын-жазушыларының шығармаларынан алынған мысалдар арқылы бекітіп отырды. Әдебиет теориясын оқулық ретінде жазу үшін философия, психология, әдебиет теориясы ғылымдарының тарихын терең білу қажет. Ахмет Байтұрсынұлы осының бәрінен хабардар, жетік білімі болған. Қазір өзіміз қолданып жүрген теңеу, кейіптеу, әсірелеу, арнау, шендестіру, дамыту, әуез деген ұғымдардың бәрі осы кітапта жазылған. Әдебиет теориясын оқулық ретінде жазу үшін философия, психология, әдебиет теориясы ғылымдарының тарихын терең білу қажет. Ахмет Байтұрсынұлы осының бәрінен хабардар, жетік білімі болған.

Қазір өзіміз қолданып жүрген теңеу, кейіптеу, әсірелеу, арнау, шендестіру, дамыту, әуез деген ұғымдардың бәрі осы кітапта жазылған. Әдебиет теориясын оқулық ретінде жазу үшін философия, психология, әдебиет теориясы ғылымдарының тарихын терең білу қажет. Ахмет Байтұрсынұлы осының бәрінен хабардар, жетік білімі болған. Қазір өзіміз қолданып жүрген теңеу, кейіптеу, әсірелеу, арнау, шендестіру, дамыту, әуез, деген ұғымдардың бәрі осы кітапта жазылған.

Мәдениеттану ғылымының алғашқы өкілі, Ахмет Байтұрсынұлы – мәдениеттанушы ғалым. Мәдениеттану бойынша курс оқыған. "Мәдениет тарихы" атты кітап жазған. Алайда ол да жоғалып кеткен. Ғалымдар оны таба алмай жатыр.

Ахмет Байтұрсынұлының шығармалары қалайда халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын айналып келгенде, ұлы Абай тапқан соқпақ, орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүріне мойынсынады. Бұрынғы ескі-ертегі, химия үлгілері емес, енді жаңа өлеңдік форма мысал арқылы, көшпелі елдің жақсы білетін стихиясы – жан-жануар өмірінен алынған шығармалар арқылы әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатымен Иван Андреевич Крылов туындыларын аударып, “Қырық мысал” деген атпен 1909 жылы Петербургтен бастырып шығарды. Бір жағынан қызықты форма, екінші жағынан ұғымды идея, үшінші жағынан, қазақ тұрмысына ет-жақын суреттер ұласа келіп, бұл өлеңдерді халықтың төл дүниесіндей етіп жіберді. Алуан-алуан ойға жетелейтін “Қайырымды түлкі”, “Ала қойлар”, “Үлес”, “Қартайған арыстан”, “Өгіз бен бақа”, “Қайыршы мен қыдыр”, “Ат пен есек” мысалдарында әлеуметтік-қоғамдық жағдайларды мегзейтін оқиғалар, адамдар психологиясымен сарындас әуездер, тағылымды, ғибратты тұжырымдар мол орын алған.

Кең құлашты, ұлан-асыр терең ойлы ғалым – халық ұлы өмірдің қай саласында да өз пікір-толғамын, бағдар-бағытын білдіріп келеді. Осыншама санқырлы қызметін жазған еңбектері арқылы жалпылама тізбелеп жеткізуге болар, бірақ шағын мақалада саралап айта алмасымыз анық. Дегенмен де мәдениетімізге орасан еңбек сіңірген адам ер жасы елуге келіп отырған шағында, біз оның қазақ әдебиеті мен халық ағарту істері саласындағы қайталанбас қызметін атап өтуге өзімізді парыздармыз деп санаймыз.

А.Байтұрсынұлының асқан ағартушылық жұмысын «Маса» атты кітабының басында келтіретін әйгілі Қожанасырдың сөзі арқылы тануға болады. Жиналған қалың жұрттан Қожанасыр былай деп сұрайды: «Сендер менің не айтқалы тұрғанымды білесіңдер ме?» Халық: «Білмейміз», - деп айқайлайды. Сонда Қожа: «Білмесендер несін айтамын», - деп түсіп кетеді.

Халық тарап кетеді. Келер жолы жұрт Қожаның қойған сұрағына оның не туралы айтатынын білетіндіктерін айтса, ол білетін болсаңдар несіне айтамын деп кетіп қалады. Қауым амалсыз тағы тарасады. Үшінші жолы жұрт жартысы білетінін, жартысы білмейтінін жеткізсе, сонда Қожа: «Білетіндерің білмейтіндеріңе үйретіндер», - деп тағы ештеңе айтпапты. Осы екі ауыз сөзде Қожанасырдың барлық ойының түйіні жатыр.

Ахмет, Қожаның осы бір әпенділігін кітабында тегіннен-тегін келтірген жоқ. Шындығында да, Ахмет өзінің бүкіл саналы өмірін сарп еткен. Қазаққа өзі білген нәрсесін ұтымды жеткізуден жалықпады. Сол үшін жанын сала тер төкті. Сондықтан да болар, оның еңбегінің өнімді жағы ағарту алқабында.

Осыған дейін ел ішінде оқу-ағарту ісіне дәл Ахмет Байтұрсынұлындай еңбек сіңірген ешкім жоқ. Ахмет Байтұрсынұлы сөз өнерінің биік руханилығын кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырды. Қазақтың белгілі ғалымы, ағартушы Ахмет Байтұрсынов бүкіл саналы ғұмырын туған халқының тағдыры мен тілі үшін күреске арнады. Сөз өнерінің биік руханилығын кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Ахмет Байтұрсынұлы | Әдебиет порталы (adebiportal.kz)
2. “Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл
3. “Қазақстан”: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998
4. Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. 2-басылымы, өңделген. Жалпы редакциясын басқарған тарих ғылымының докторы, профессор Б. Ғ. Аяған. Алматы: Атамұра, 2009
5. <https://tilalemi.kz/article/1081-.html>
6. <https://massaget.kz/layfstayl/madeniet/persona/71483/?ysclid=l9h21dl2f5134903452>